

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 және "Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы" 2008 жылғы 6 ақпандағы № 108 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 737 қаулысы

2016 жылғы 4 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 530-құжат): көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құрылымы мен штат санының лимиті шеңберінде ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің комиссары (бұдан әрі – Комиссар) өз қызметін жүзеге асырады.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Комиссардың қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.»;

20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Комиссар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.»;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

«21-1. Комиссардың өкілеттігі:

1) ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі – көрме) ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

2) өз құзыреті шеңберінде Халықаралық көрмелер бюросымен (бұдан әрі – ХКБ), көрменің шетелдік қатысушыларымен, көрмені дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиямен, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ-мен, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының өзге де мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен өзара іс - қимыл ж а с а й д ы ;

3) ХКБ-ға және көрменің шетелдік қатысушыларына қатысты көрмені дайындау және өткізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін үйлестіреді және олардың орындалуын бақылайды;

4) ХБК-мен және көрменің қатысушыларымен оны дайындау және өткізу, Халықаралық көрмелер туралы конвенцияның орындалуы мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады, ХБК-ні және көрменің қатысушыларын көрмені дайындауға және өткізуге қатысты Қазақстан Республикасының қабылданған нормативтік құқықтық актілері туралы хабардар етеді;

5) көрмені өткізу үшін құрылатын құрылымдарды тиімді басқару және ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ көрмені дайындаудың және оны өткізудің өзге де мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысына, Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

6) Қазақстан Республикасының Президентін және Премьер-Министрін көрмені дайындау және өткізу мәселелері бойынша Комиссардың қызметі туралы хабардар е т е д і ;

7) көрмені дайындау және өткізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістеріне, Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқарушы органдардың, мемлекеттік органдардың алқасына, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың ж ұ м ы с ы н а қ а т ы с а д ы ;

8) халықаралық қатысушыларды тарту және олардың қатысуы, ЭКСПО-2017 ақпараттық-имидждік ілгерілету және консулдық-визалық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ү й л е с т і р е д і ;

9) көрмені дайындау және өткізу мәселелері бойынша ХКБ-мен, өзге де халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен келіссөздерде және/немесе консультацияларда қазақстандық делегацияны басқарады;

10) өз құзыреті шегінде ведомствоаралық жұмыс топтарын құрады, бірінші басшылардың орынбасарлары және жауапты хатшылар деңгейінде Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдары өкілдерінің қатысуымен кеңестер өткізеді;

11) көрменің шетелдік қатысушыларымен сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі;

12) көрмені дайындау және өткізу мәселелеріне қатысты Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеуге қатысады;

13) ХКБ-ның Атқарушы комитетінің отырыстарына және Бас ассамблеясының сессияларына қатысады;

14) көрмені дайындау және өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту бағдарламалары мен жобаларын ілгерілетуге жәрдемдеседі;

15) Қазақстан Республикасының Үкіметіне көрмеге қатысу үшін ХКБ-ға мүше елдерді шақыру туралы ұсыныстар енгізеді;

16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, лауазымды адамдарынан және ұйымдарынан өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды сұратады және алады;

17) көрмені дайындау және өткізу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін тыңдайды;

18) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің, сондай-ақ Көрмені дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның тапсырмаларына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссардың және өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.»;

2) «Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы № 108 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 5, 60-құжат):

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары, Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының шетелдегі төтенше және өкілетті елшілері, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Төрағасының орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшілері, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшілері, Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының бірінші орынбасары, Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының орынбасары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың басшылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, облыстардың және Астана,

Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталары тұрақты комитеттерінің төрағалары, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасарлары, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары, Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын орталық мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілі, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілі қызмет бабындағы істер бойынша шетелге жол жүрген кезде көліктік шығыстар шетелдік валютада «Бизнес» сыныпты авиабилеттің құны мөлшерінде өтеледі»);»;

2-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің Комиссары, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары басшыларының орынбасарлары, облыстар және Астана, Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі келіссөздердегі Қазақстан Республикасының арнайы өкілі, Қазақстан Республикасының Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымымен (ЕҚЫҰ) ынтымақтастық мәселелері жөніндегі арнайы өкілі үшін;».

жартылай люкс сыныптамасы бойынша қонақ үйдің бір орындық нөмірінің құны бойынша

2. Осы қаулы 2016 жылғы 4 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қ а з а қ с т а н *Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*
Премьер-Министрі *Б. Сағынтаев*